

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы № 941 Жарлығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 143 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы № 941 Жарлығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы № 941 Жарлығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 тамыздағы № 941 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 28, 309-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Дипломаттық дәрежелерді беру тәртібі туралы ережеде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Жоғарыда санамаланған дипломаттық дәрежелерді беруге ұсынысты Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын іске асыруға қатысу тиімділігін және Қазақстан Республикасы Президентінің сыртқы саяси бастамаларын іске асыруға қатысу тиімділігін ескере отырып енгізеді.

Төтенше және Өкілетті Елші дипломаттық дәрежесі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты өкілі лауазымында кемінде екі жыл дипломатиялық қызмет стажы бар дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломаттық дәрежесі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Қазақстан Республикасының Төтенше және

Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты өкілі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары лауазымдарын атқаратын дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломаттық дәрежесі Сыртқы істер министрлігінің комитет төрағасынан, ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісінен, департамент директорынан, Қазақстан Республикасының сенімді өкілінен, Қазақстан Республикасының бас консулынан төмен емес лауазымды атқаратын дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне берілуі мүмкін.»;

10-тармақтағы «екінші абзацында» деген сөздер «алтыншы бөлігінде» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК